

Жангелдин ауданында бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшіні жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2010 жылғы 23 ақпандағы № 168 шешімі. Қостанай облысы Жангелдин ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 наурызда № 9-9-118 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 218 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 03.04.2015 № 218 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Салық Кодексінің 422-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Жангелдин ауданында бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес белгіленсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жангелдин аудандық мәслихаты
кезектен тыс сессиясының төрағасы Т. Ахметов
Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы Т. Даркенов
КЕЛІСІЛДІ:

Жангелдин ауданы бойынша
салық басқармасы мемлекеттік
мекемесінің бастығы

Х. Зейнеке

23.02.2010 ж.

Мәслихаттың
2010 жылғы 23 ақпандағы
№ 168 шешіміне қосымша

**Жангелдин ауданында бірыңғай
тіркелген салық ставкаларының мөлшері**

№ р/с	С а л ы қ объектісінің атауы	Бірыңғай с а л у салық мөлшері көрсеткіш) тіркелген ставкаларының (айлық есептік
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден ойыншылардың ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	артық қатысуымен арналған, 1
3	Ойын өткізу пайдаланылатын компьютер	үшін дербес 1
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2
6	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК